



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

**2022 жылдың маусым айындағы  
ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы  
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаменті  
нақты сектордың мониторингі басқармасының бастығы  
Игорь Осиповтың түсіндірмесі**

*2022 жыл, 18 шілде*

2022 жылдың маусым айында елдегі **жылдық инфляция 14,5%-ға** (мамырда – 14,0%) жеделдеді. Аймақтар бойынша жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеп, 1 облыста баяулады.

Жоғары инфляция Маңғыстау (мамырдағы 15,2%-дан маусымда 17,0%-ға дейін) және Ақмола облыстарында (13,9%-дан 15,3%-ға дейін) тіркелді.

Маусымда **азық-түлік** тауарлар бағасының өсу қарқыны 19,2%-ға дейін (мамырда – 19,0%) ұлғайды. Осы топтағы тауарлардың бағасының ең жоғары өсімі Маңғыстау облысында (23,6%) болды.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны 13,2%-ға дейін (мамырда – 11,9%) артты. Ең жоғары мәні Нұр-Сұлтан қаласында (16,4%), ал төмен мән – Шымкент қаласында (10,8%) тіркелді.

**Ақылы қызметтердің** бағасы маусымда 9,2%-ға өсті (мамырда – 9,1%), бұл ретте Түркістан облысында жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары (11,4%) болды, ал Атырау облысында айтарлықтай баяу (6,0%) өсті.

2022 жылдың маусым айында елдегі айлық инфляция 1,6% болды. Бұл соңғы 5 жыл ішінде маусымдағы инфляцияның орташа мәнінен айтарлықтай жоғары (2017-2021 жылдары: 0,5%) көрсеткіш.

Барлық өңірде 2022 жылғы маусымда баға орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның айтарлықтай қарқыны Маңғыстау облысында (2,6%) тіркелді.

**Толығырақ:** <https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

**Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)